

**Ж.Наурызқанқызы**

Орталық ұлттар университеті қазақ тіл-әдебиеті факультетінің магистранты Бейжің қаласы, ҚХР

**«НЕСТОРИАН ДІНІ» ЖАЗБАСЫНЫҢ ТІЛІН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ  
ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІМЕН САЛЫСТЫРА БАЯНДАУ**

**Аннотация.** Мақалаға қатысты зерттеу материалдары негізінде несториан дінінің тарихына қысқаша түсінік жасап, «несториан діні» жазбасының лексикасын қазіргі қазақ тілінің лексикасымен салыстырып, айқын ерекшеліктер баяндалады. Мәтіннен қазіргі қазақ тілінде әлі де өзгеріссіз сақталған сөздерді тауып, оның санын айқындайды. Дыбысталуында аздап парық болғанымен беретін мағынасы әлі де қалпын сақтаған сөздер тіркеледі. Үшінші кезеңде сөздер қазіргі қазақ тілінің жеті негізгі сөз табы бойынша таптастырылады. Төртінші кезеңде сөздер мазмұнына қарай жіктеледі. Соңында бұрынғы берген мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі беретін мағынасында парық сақталған сөздер мәтіннен мысал алынып түсіндіріледі.

**Тірек сөздер:** несториан діні, лексика, көне ұйғыр тілі, қазіргі қазақ тілі.

**Ж.Наурызқанқызы**

магистрант факультета Казахского языка и литературы  
Центрального университета наций  
Пекин, КНР

**СОПОСТАВЛЕНИЕ ЯЗЫКА ПИСЬМЕННОГО ПАМЯТНИКА  
«НЕСТОРИАНСКАЯ РЕЛИГИЯ» С ЛЕКСИЧЕСКИМИ  
ОСОБЕННОСТЯМИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

**Аннотация.** На основе материалов исследования, в статье дается краткое объяснение истории несторианской религии, сопоставляется лексика письменного памятника «Несторианская религия» с лексикой современного казахского языка, излагаются очевидные различия. В тексте находят слова, которые до сих пор остаются неизменными в современном казахском языке и определяют их количество. Фиксируются слова, которые, несмотря на небольшую разницу, все же сохранили свое значение. На третьем этапе слова раскладываются по семи частям речи современного казахского языка. На четвертом этапе слова классифицируются по содержанию. Наконец, слова, сохранившие свое значение в прошлом и в современном казахском языке, поясняются примерами из текста.

**Ключевые слова:** несторианство, лексика, староуйгурский язык, современный казахский язык.

**Zh.Nauryzkankyzy**

Graduate student of the Faculty of Kazakh Language and Literature  
of the Central University of Nations  
Beijing, China

**COMPARISON OF THE LANGUAGE OF THE WRITTEN MONUMENT  
«NESTORIAN RELIGION» WITH THE LEXICAL FEATURES OF THE  
MODERN KAZAKH LANGUAGE**

**Annotation.** On the basis of the research materials, the article provides a brief explanation of the history of the Nestorian religion, compares the vocabulary of the written monument «Nestorian religion» with the vocabulary of the modern Kazakh language, and outlines the obvious differences. In the text, the words are found that still remain unchanged in the modern Kazakh language, and their number is determined. Words are recorded that, despite the small difference, still retain their meaning. At the third stage, the words are decomposed into seven parts of the speech of the modern Kazakh language. In the fourth stage, words are classified by content. Finally, the words that have retained their meaning in the past and in the modern Kazakh language are explained by examples from the text.

**Keywords:** Nestorianism, vocabulary, Old Uighur language, modern Kazakh language.

Орта Азияны мекен еткен халықтар шаман, зороастризм (отқа табыну), несториан, еврей, мани, будда, ислам діндерін ұстанған. Будда діні түркілерге ислам дінінен бұрын тараған. Тіпті шаман дінімен де араласып келген. Қазіргі кезде будда дінінің қалдығы болмағанмен, несториан дінінің қалдығы бар. Жетісу өңірінен табылған бірқатар ескерткіштер табылған. Жүңго еліндегі монғұл жерінен шамамен XIII ғасырдың ескерткіштері табылған ескерткіштерді бірқатар зерттеушілер монғолдардың уаң хұн деп аталатын тайпасының тіліне жатқызады, тілі – түрік тілі. Қазақстанда табылғаны көне сырған жазуымен жазылған, оның тілі де – түрік тілі. Бірқатары көне ұйғыр жазуымен жазылған. Гуандұңның Чуанжоу (泉州) қаласынан да көптеген ескерткіш табылды. Несториан дінінің Жүңгодағы ең алғашқы ғибадатханасы да осы Чуанжоу қаласында болған. Тұрпан жерінен де бірқатар несториан ескерткіштері табылды. Онда орта ғасырдағы парсы тілімен жазылғандары да, манихей жазуымен жазылғандары да бар.

Мақаламызда бүгінде Берлинде сақталған, Тұрпан жерінен табылған көне ұйғыр тілімен жазылған нұсқасы туралы сөз етпекпіз. Оны алғаш рет 1908 жылы Muller жариялаған. Сондай-ақ 1926 жылы жарияланған W.Bangтың еңбегі мен 1951 жылы жарияланған Маловтың еңбегі де негізге алынды.

Ескерткіште қазақ тілінде қазіргі дейін өзгеріссіз сақталған сөздер кездеседі. Мәтіндегі 320-дай сөздің ішінде тұлғалық, мағыналық, қолданылатын орны жағынан бүгінгі таңда да елеулі өзгеріске түспеген 22 сөз бар. Мысалы:

қазіргі қазақ тілінде:	көне ұйғыр тілінде:
barip	barip
qutınga	qutınga
ol	ol
xan	xan
olar	olar
bardi	bardi
turdi	turdi
kirdi	kirdi
öz	öz
ačti	ačti
tängri	tängri
algay	algay
otači	otači
siz	szi

bir	bir
kök	kok
bilip	bilip
ot	ot
biz	biz
boldi	boldi
qaçan	qaçan

Сондай-ақ уақыт өтуіне байланысты дыбыстық жағынан қандай да бір өзгеріске түскенмен, мағынасы сақталған сөздер де бар, яғни мұндай сөздер қазіргі қазақ тілінде де сол мәнде, сол қызметте қолданылып келеді. Мұндай сөздер мәтін тілінде көп кездеседі. Нақтырақ айтсақ, мәтінде  $y \sim j$ ,  $a \sim o$ ,  $e$ ,  $\ddot{a}$ ,  $\ddot{a} \sim e$ ,  $i$  немесе  $i \sim e$ ,  $\ddot{u} \sim i$ ,  $e$ ,  $t \sim d$ ,  $\ddot{i} \sim a$ ,  $u \sim \ddot{i}$  т.с.с. 50-ден аса дыбыстық алмасу бар.

қазіргі қазақ тілі:            несториан дінінің мәтіні:

yükün	jügī
anıng	onıng
ötüندی	otindi
tip	de
amti	endi
barınglar	barıngdar
köngül	köngil
tilänglar	tilengder
istänglär	istengder
yana	jäne
kälip	kelip
isitdürünglar	isitdurüngder
mn	men
yükünyin	jügineyin
yultuz	jultız
barır	barar
yaqın	jaqın
yük-lärin	jük-terin
türlüg	türli
altun	altın
ämçi	emçi
könglindäki	köngilindegi
bilü	bilip
alī	al
siziksiz	seziksiz
taş	tas
bişik	besik
yılqı	jılqı
kötürü	kötere
kinggäšti	kengesti
sözläsdi	sözläsdi
quduy	qudıq
bälgürti	bildirtti
kötürüp	köterip
içintä	içinde

qorqınçıy	qorqınçtı
yaғuq	jaғıq
yaǵın	jaǵın
tanglançıy	tangyaǵıp
qorqup	qorqıp
tabınyaqa	tabınuya
tāgmsiz	tolmsiz
bilmätin	bilmedik
ökünti	ökindi
bügün	bugın
küngä	künge
ongi	ongge
yolca	jolya

Мәтіндегі сөздерді сөз таптарына қарай жіктесек:

– зат есім: qut, xan, oylan, yultuz, yultuz, altun, zumuran, ämci, otači, ot, qaban, taş т.с.с.

– сын есім: ädgi, käd, sük, yaqın, kök, yaғuq, qorqınçıy т.с.с.

– сан есім: üç, bir, yumqı т.с.с.

– есімдік: ańıng, ol, olar, manga, öz, biz т.с.с.

– етістік: otündi, yarlıqadı, istä, käl, bar, yükün, açtı, ötündi, saqınip, kirdi, tüşip т.с.с.

– үстеу: Içta, bulungin, bugün т.с.с.

– одағай: ya, ay т.с.с.

Мәтіндегі сөздерді лексика-семантикалық топтарға жіктейтін болсақ:

- жер атаулары: bidilxim, urislim;
- адам аты: xirods, mängü, msixa;
- кәсіп атауы: moғoç, otači, ämci;
- зат, бұйым атаулары: tas, alfin, bisik, zumuran, min, küju, quduy, ot, qaban;
- мезгіл, мекен үстеулері: bulungin icintä, anda, andaca, ol ödün, ol oғur, bugün küngä tägi;
- аспан денелерінің атауы: yultuz, kok, qalıq;
- діни-нанымдық сөздер: tängir, wristi, kok qalıq, oot, tapınu, yükünü, tiläu, moyaclar т.с.с.

т.с.с.

Мәтіндегі бірқатар сөздер мағыналық жағынан өзгеріске ұшыраған:

«Ünür»: Inçp ol moғoç – lar näçükin urislim – tin ünüp bardı – lar ärsär... (Сөйтіп, ол мінәжатшылар қашан беру салымынан шығып кетсе...).

«Ünür» сөзі қазіргі қазақ тілінде «еніп» түрінде қолданылып, «кіру, ену» мәнінде ұғынылса, мәтінде, қарама-қарсы мәнде қолданылып, «шығу» деген мағынада келген.

«Yarlıqa»: Ol ödün xirodis xan inça tip yarlıqadı olar – qa (Ол кезде Xirodis хан былай деді оларға).

«Yarlıqa» сөзі мәтінде «айту, бұйыру, жарлық ету» мәнінде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «jaғılqa» түрінде келіп, «қарылқа, мүсірке, есірке, жәрдем ет» мағынасында қолданылады.

«Ob»: Birük otači ämci ärsär, ot yäm oğay tip bir qaban – da urup kigürdi – lär (бірақ оташы, еміш болса, шөп қана алғай деп бір табаққа салып кіргізді).

«Ob» сөзі мәтінде «шөп» мәнінде қолданылған. Қазіргі кезде бұл сөз мағыналық тұрғыдан біршама толыса түскен.

«Yılqi»: Yılqi-qa yütürsär yılqi kötürü umadı (Көлігіне артса, көлігі көтере алмады).

«Yılqi» сөзі қазіргі қазақ тілінде «jılqi» түрінде қолданылып, төрт түлік малдың бірі, жылқы атауын білдіреді. Ал мәтінде малдың қай түрі екені нақты көрсетілмейді, «жүк салатын көлік» түрінде келген.

«Отасі»: Otasī ämci umä män... (Оташы, емші де өзім...).

Мұндағы «отасі» сөзі «шөп дәрілермен емдейтін шипагер» мағынасын білдірсе, қазіргі кезде «отасі» сөзі ота жасайтын адам, сынықшы, сынықты таңып, емдейтін адамды білдіреді.

Жоғарыда келтірілген сөздер сөз мағынасының кенеюі, тарылуы факторларына айқын мысал бола алады. Уақыт өте келе тілде сөздер мағыналық жағынан өзгеріп, жаңарып, толысып отырады. Көне ұйғыр жазуымен сақталған ескерткіш мәтіні тіліміздің даму, өзгеру жайынан мол дерек береді. Ертеректе жазылғанмен, бүгінге дейін өзгеріссіз сақталған сөздер немесе қандай да бір фонетикалық өзгеріске ұшырыған сөз тұлғаларына талдау жасай отырып, өзгерудегі заңдылықтарды айқындауға болады. Ескерткіштер тілдің өзгеруіне қатысты деректермен қатар танымдық, діни наным-сенімге қатысты да мол ақпарат береді. Сондықтан тіл тарихын зерттеуде, сөз мағыналарының кенею, тарылу үдерісін анықтауда мұндай ескерткіштердің маңызы зор деп білеміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Қазақтың қысқаша тарихы. –Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2009. – 115 б.

[2] Ма Пиннан. Шинжиан ислам діні тарихын дұрыс түсіндірейік. –Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2002. –65 б. Ханзу тілінен аударған – Бақытқан Қыдырмуллин.

[3] Субихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. –Үрімжі: Шинжиан халық баспасы, 2005. – 203 б.

[4] Мырзаканұлы Ж. Тарихи-этнографиялық зерттеулер. –Құйтұн: Іле халық баспасы, 1990. – 221 б.

[5] Жу Шиянжы. Қытай несториан діні. Дұңфаң баспасы, 1993 (қытайша басылым). – 266 б.

[6] «Әлем тілдерін зерттеу» журналы. –1996. №3 (қытайша басылым). – 26 б.

[7] Гың Шымыын. Көне ұйғыр тілі. –Бейжің: Ұлттар баспасы, 2006. – 55 б.